



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№06 (188), ШІЛДЕ, 2025

Oil Services Company Oil Construction Company MANGISTAU ENERGO MUNAY Ойл Транспорт Корпорейшэн M.COM munaitelcom «ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ» «ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ

ЖОСПАРЛЫ САПАР - ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСҚА НЕГІЗ

10-11 шілде күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы Қаламқас және Жетібай кен орындарында жоспарлы айлық жұмыс сапарын өткізіп, өндірістік көрсеткіштер мен бірқатар нысандардағы жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Алдымен жиынға қатысушылар еңбекті және қоршаған ортаны қорғау ақпаратымен танысып, кен орындардағы маусым айында жасалған өндірістік жұмыстардың есебін тыңдады. Жоспарлар пысықталды. Одан кейін Басқарма басшылығы:

- Кәріз және сумен, жылумен қамту цехындағы қазандықты қайта жаңғырту жұмыстарын;
- Сорғы-компрессорлық құбырлар мен тереңдік сорғыларды сақтау және жөндеу бөлімшесіндегі уақытша сақтау алаңы құрылысының аяқталып жатқанын;
- Кешенді мұнай дайындау және өткізу цехындағы ЕТБ-2 нысанының жөндеу жұмыстарымен;
- Газ өндіру, дайындау және тасымалдау цехына қойылған ВГ-105/3 компрессорымен танысты.

Сондай-ақ, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту аясында №9 және №10-жатаханалардағы жөндеу, №1, №2 және №3-асханалардағы жұмыстар назарға алынды.

Жетібай кен орнында да маусым айының өндірістік көрсеткіштері сараланып, бірқатар маңызды нысандар араланды. Атап айтқанда:

- Қабат қысымын ұстау цехындағы БКНС-1 және БКНС-3 аумағындағы ұңғымалар мен сорғы станцияларының құрылысы;
- №2 мұнайгаз өндіру цехына қарасты ЗУ-5А және ЗУ-6 нысандарының құрылыс жұмыстары қаралды.

Компания басшылығының кеңістерге жасаған бұл сапары өндіріс тиімділігі мен жұмысшыларға жасалған жағдайды одан әрі жетілдіруді көздейді. «Маңғыстаумұнайгаз» үшін өндірістегі тұрақтылық пен әлеуметтік жауапкершілік – қатар жүретін басымдық. Осы орайда Басқарма нысандардағы құрылыс пен жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде сапалы аяқтауды, жоспардан ауытқуға

және өндіріс процесіне кедергі келтіретін олқылықтарға жол бермеуді тапсырды. Сонымен қатар, әр бағыт бойынша нақты міндеттер жүктеліп, орындалуы қатаң бақылауда болатыны ескертілді.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ҚАЛАМҚАСТАҒЫ ЖАҢҒЫРУ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кен орнында өндірістік-тұрмыстық нысандарды белсенді түрде жаңғыртып жатыр. Бұл бастама жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағдарламасы аясында іске асырылуда.

Қазіргі уақытта МГӨЦ-1, МГӨЦ-2, МГӨЦ-3 және МГӨЦ-4 (мұнай және газ өндіру цехтары) бойынша 4-8 адамға арналған жаңа өндірістік-тұрмыстық кешендер салынып жатыр. Құрылыста табиғи құрылыс материалы ұлутас қолданылуда. Бұл материал сыртқы әсерлерге төзімді әрі ғимарат ішінде ылғалдың жиналуына жол бермейді. Төрт кешеннің құрылысына 350 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді.

Жаңа инфрақұрылымның ерекшелігі – қолмен басқарылатын аспалы жүк көтергіш құрылғының орнатылуы. Ол салмағы 1 тоннаға дейінгі жабдықтарды жөндеуге арналған құрылғыларды тасымалдауды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Мұндай шешім өндірістік үдерістерді жылдамдатып, техниканы күтіп ұстауды жеңілдетеді.



Нысандардың құрылысын 2025 жылдың қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Өндірістік ғимараттарда жұмыс істеуге қажетті барлық қолайлы жағдайлар қарастырылады. Бұл тек тұрмыстық жағдайды жақсартып қана қоймай, еңбек сапасын да арттырады.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР – ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да Жол картасын іске асыру аясында мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Компания басшылығы қызметкерлердің еңбек ету және тұрмыс жағдайларын жақсарту мәселесін ерекше бақылауда ұстап отыр.



25 маусым күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Отаров Жетыбай кен орнындағы бірқатар нысандардың жөндеу және құрылыс жұмыстарымен танысты.

Атап айтқанда, ол Жетыбай кен орнындағы №9 асхананың күрделі жөндеу жұмыстарын көріп шықты. 250 орынға есептелген бұл асхананың күрделі жөндеуі 2025 жылғы ақпан айында басталған болатын, бүгінде жұмыстардың басым бөлігі аяқталған.

Желдету жүйесі мен басқа да жабдықтар ауыстырылып, тамақ дайындауға арналған жаңа құрылғылар сатып алынды. Қазіргі уақытта кәріз жүйесін, электрмен жабдықтау желілерін монтаждау және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Нысанды пайдалануға беру 2025 жылдың шілде айының соңына дейін жоспарланып отыр.

Қайрат Отаров күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен мұқият танысып, мердігерлерге барлық жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Сонымен қатар, ол қолданылып жатқан материалдар мен орындалып жатқан жұмыстардың сапасына ерекше көңіл бөлу керектігін, сондай-ақ құрылыс және санитарлық талаптардың қатаң сақталуы қажеттігін ескертті.

Бұдан кейін Бас директордың орынбасары Жетібай кен орнындағы өзге де әлеуметтік маңызы бар нысандарды аралап, №5 жатақхана жұмысымен танысты. Жақын арада бұл жерде жатақханаға қосымша құрылыс нысандарын тұрғызу жоспарланып отыр. Кездесуде мұнайшылар 2012 жылы салынған бұл ғимараттың жаңғыртуды қажет етіп тұрғанын ескертіп, оны күрделі жөндеуден өткізу мүмкіндігін қарастыруды басшылықтан өтінді.

Сапар қорытындысы бойынша Қайрат Отаров сала мамандарына мұнайшылардың ұсыныстарын мұқият зерттеуді, сондай-ақ әлеуметтік нысандардың құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстарының барысын тұрақты әрі қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

СИТУАЦИОННОМУ ЦЕНТРУ – 10 ЛЕТ!

Ровно 10 лет назад - в июне 2015 года – в АО «Мангистаумұнайгаз» состоялось открытие Ситуационного центра - специального диспетчерского пункта, оснащённого средствами коммуникаций и предназначенного для оперативного контроля и мониторинга производственных процессов.

За это время центр доказал свою высокую эффективность и востребованность. На сегодняшний день операторами Ситуационного центра обеспечивается круглосуточный контроль в режиме реального времени за передвижением спецтехники, легкового транспорта и автобусов, используемых во всех производственных циклах - бурение, перевозка персонала, охрана месторождений, эксплуатация и ремонт скважин на месторождениях Общества и в городе Актау.

Мониторинг за транспортными средствами Общества и подрядных организаций ведется через установленное специализированное программное обеспечение. Осуществление оперативного контроля позволяет чётко понимать, где географически находится транспортное средство, куда и с какой скоростью движется, соблюдает ли водитель правила техники

безопасности и дорожного движения, выявлять приписки объёмов выполненных работ и др.

В настоящее время, в Ситуационный центр предоставлен GPS on-line доступ к программному обеспечению более 125 подрядных организаций: TOO "Oil Services Company", TOO "Oil Construction Company", TOO "Бозашы Транс Курылыс", TOO «Мұнай Көлік Басқармасы», TOO «Буровая компания Великая стена», TOO «Кулан и К», TOO «Techno Trading LTD», TOO "Маңғыстауэнергомұнай", TOO «Мұнай-телеком», TOO «Akadi Holding» и многих других. Общее количество автотранспортных средств и спец-техники, контролируемых посредством системы GPS мониторинга составляет более 3700 единиц.

С начала 2025 года с помощью GPS – мониторинга Ситуационного центра, выявлено 307 фактов нарушений со стороны водителей подрядных органи-



заций: из них 23 факта - превышение скоростного режима, 284 - неисправность GPS терминала.

- Пользуясь случаем, поздравляю наш небольшой, но дружный коллектив с 10-летием Ситуационного центра, желаю коллегам крепкого здоровья, благополучия и процветания, - говорит руководитель Центрального инженерно-технологического департамента Руслан Бимагамбетов. – Хочу отметить, что со времени открытия Ситуацион-

ного центра количество нарушений со стороны водителей сократилось в разы. При этом, мы не преследуем цель обязательно кого-то наказывать, наша главная задача - предотвращение нарушений, чтобы водитель и его пассажиры в добром здравии доехали до работы или вернулись домой. Еще раз поздравляю коллег с юбилеем, а водителям желаю легких и безопасных дорог!

ГЕОЛОГ-ҒАЛЫМ

Бүкіл саналы ғұмырын Қазақстанның мұнай-газ саласының өркендеуіне, геология ғылымына арнаған, артына өлмес, өшпес із қалдырған, «Мұнайшы-геологтар Қазақстандық қоғамының» Президенті Балтабек Мұқанұлы Қуандықов 77 жасына қараған шағында бақилық сапарына аттанды. Қазақтың біртуар ұлы Балтабек Мұқанұлы тек мұнай-газ кешенінің өндіріс ұйымдастырушысы ғана емес, геология-минералогия ғылымын жетік білетін елімізге, әлемге кеңінен танымал ірі ғалым да еді.

Балтабек Мұқанұлы – Геология-минералогия ғылымдарының докторы, «Еуразия» Халықаралық экономикалық академиясының (1998), Америка геологтары мен мұнайшылар қауымдастығының (2000), Халықаралық минералды ресурстар академиясының толық мүшесі – академик (1995), Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2015).

2018 жылы әлемдегі ең ірі мұнай-газ кенорындарының бірі саналатын «Қашаған кенорнының алғаш ашушысы» дипломын иеленді.

Балтабек Мұқанұлы 110 ғылыми еңбек пен статьялардың 10 монографияның авторы.

Ол 1948 жылдың 21 тамызында Гурьев (қазіргі Атырау) облысы, Мақат ауданы, Мақат кентінде дүниеге келген.

1971 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын инженер-геолог-мұнайшы мамандығы бойынша тәмамдаған ол бар ғұмырын республикамыздың мұнай-газ өнеркәсібін дамыту жолына арнады.

1971 жылы еңбек жолын Биікжал аса терең бұрғылау, мұнай барлау экспедициясында қатардағы инженер-геолог болып бастады.

Оның еңбекқорлығы мен жауапкершілігін байқаған басшылар 1975-1977 жылдары Ембі аудандық партия комитетіне нұсқаушы, артынан Гурьев облыстық комсомол комитетіне хатшылық қызметтеріне шақырады.

1979-1991 жылдары мамандығы бойынша «Казнефтегазразведка» Басқармасында аға геологтан Бас геологқа дейінгі жолдардан өтті. Осы жылдар ішінде оның қатысуымен Қарашығанақ, Кенбай, Имашевская, Әлібекмола, Арман тәрізді ірі мұнай-газ кенорындары ашылды.

1991 жылы тәжірибелі маман және ұйымдастырушы ретінде геология министрлігіне мұнай және газ бөлімінің басшысы болып ауыстырылып, көп ұзамай Қазақстан Республикасы Геология министрінің орынбасары болып тағайындалады. Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Балтабек Мұқанұлының басшылығымен Каспий теңізінің Қазақстандық акваториясын игеру бағдарламасы әзірленді. Оны іске асыру үшін «Қазақстан Каспийшельф» Акционерлік Қоғамы халықаралық Консорциумы құрылды. Ол халықаралық консорциумды басқарудың қысқа мерзімінде әлемдегі жетекші 7 мұнай компаниясын шақырып, халықаралық консорциумды Бас директор және Басқарушы комитеттің төрағасы ретінде басқарды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары болып тағайындалды. 1993-1996 жылдары консорциум ірі сейсмикалық бағдарламасын орындады, болашағы жоғары теңіз құрылымдары анықталды және бұрғылауға дайындалды. Балтабек Мұқанұлы Қашаған кенорнын бұрғылауды ұйымдастыруға шақырылды, кейіннен мұнай және газ кенорыны ашылды, кенорын ашқаны үшін 2018 жылы «**Қашаған кен орнын ашушы**» атағы берілді. 1997-1998 жылдары Халықаралық консорциум жұмысы аяқталғаннан кейін «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясын басқарды, Қазақстан Республикасындағы барлық мұнай жобаларына басшылық етті. Балтабек Мұқанұлының көмірсутек геологиясы саласындағы терең білімін және халықаралық компаниялармен табысты жұмыс тәжірибесін ескере отырып, белгілі Шеврон компаниясы (АҚШ) 1998-2001 жылдары компанияның орталық кеңсесіне ТМД елдері бойынша бас консультант лауазымына шақырды. 1999 жылы өзінің көп жылдық зерттеулерін аяқтап, Геология және минералогия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 2001-2005 жылдары АҚШ-тан оралғаннан кейін Торонтодағы қор биржасында тіркелген канадалық «НельсонРисорсисЛимитед» компаниясын басқарды. Балтабек Мұқанұлының басшылығы кезінде компанияның активтері 2-ден 5 кен орынға дейін өсті, мұнай өндіру тәулігіне 65000 баррельге дейін өсті, яғни жылына 3 миллионға дейін. 2006 жылғы ақпан айынан бастап Балтабек Мұқанұлы «Меридиан Петролеум» компаниясының президенті болды. Инвестициялық-тартымды бизнес құру

мақсатында, Қазақстан Республикасындағы түрлі мұнай-газ компанияларының директорлар кеңесінің құрамында болды. Мұнай-газ өндіру жобаларының болашағы мен тиімділігін бағалауға және консалтингке басшылық етті. Ол тереңдігі 7000 м ұңғыманы бұрғылаудан бастап, тереңдігі 15000 м дейінгі ұңғыманы бұрғылауды көздейтін «Еуразия» жобасының бас ұйымдастырушысы болды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен KAZENERGY қауымдастығының тапсырмасы бойынша құрылған жаңа бірегей жоба Ведомствоаралық жобалық және консультативтік топтардың жұмысын атқарды.

2009 жылы елге белгілі атақты геолог мамандар, ғалымдармен бірлесе отырып, «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамы» (КОНГ) құрды және өмірінің соңына дейін сол қоғамның президенті болды. Бұл қоғамның ұйымдастыруымен көптеген халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді, конференцияларда ғалымдар жасаған баяндамалардың жинақтары басылып шығарылды.

Балтабек Мұқанұлының ерен еңбегі көптеген мемлекеттік сыйлықтармен, оның ішінде Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет», «Парасат», III-дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталып, «Қазақстан Республикасының өнеркәсіпке еңбегі сіңген қызметкері» атағы және тағы да басқа медальдар берілді.

Балтабек Мұқанұлы өмірінің соңына дейін қасиетті Маңғыстау өңіріне көп көңіл бөлумен болды.

2020 жылы Ақтаудың төрінен Маңғыстаудың жаңаша тарихының бастауында тұрған Маңғыстау геолог-барлаушыларының атын мәңгілік есте қалдыру мақсатында «Геолог-барлаушылар аллеясын» ашуға мұрындық болып жетекшілік жасады.

2023 жылы Маңғыстау геолог-барлаушыларының атасы, өзінің ұстазы саналатын Халел Жағыпарұлы Әзбекғалиевтың есімін Тепке блогындағы 2021 жылы еліміз Тәуелсіздік алғалы бергі отыз жылда ашылған ірі мұнай кенорнына берілгенін осы жиында ресми түрде жария қылды.

2024 жылы Ақтауда өзі басқаратын «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының» ұйымдастыруымен «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Ал осы қоғамның демеушілігімен жарыққа шыққан кітаптардың ішіндегі сүбелісі «Первооткрыватели месторождений нефти и газа Казахстана» деген кітап та осы 2024 жылы Балтабек Мұқанұлының жетекшілігімен шыққан болатын, ол кітаптың мұнайшыларға, геологтарға, сол салада еңбек етіп жүрген ғалымдарға берері мол екені түсінікті.

Ал Балтабек Мұқанұлы басқарған «Мұнайшы-геологтардың Қазақстандық қоғамының» демеушілігімен шыққан 20-дан астам ғылыми еңбектер мен геолог мұнайшылар туралы кітаптарды атап айтқанда: 1. Ерғожа Тауманов. Автор: Даулетов Б. 2. Толетай Нсанов. Автор: Бабашева М.Н. 3. «Феномен Сапара Карымсакова». Автор: Куанғалиев З.А. 4. Воцалевский Эдгард Славомирович «Слово о главном геологе». Автор: Монастырская Л.М. 5. «100 лет месторождению Макат. Зарождение и становление нефтяной промышленности Казахстана». Автор: Тауманова Г.Е., Таскинбаев К.М. 6. «Геолог, возвышенный трудом. Автор: Султанғалиев С. 7. «И покорялись им недра...». Автор: Монастырская Л.М. 8. «Ученый, геолог, интеллигент». 9. «Личность. Лидер. Лауреат.», 10. «Адил Нурманов – Покоритель недр Мангистау», 11. «Идеи, воплощенные в жизнь» Автор: Н.Задеревская, 12. «Мұнайдан дария жасаған» Автор: Ә.Спанов, Ү.Жәлеке, 13. «Он любил жизнь во всем ее многоцветье», 14. «Киелі өлкені өзгерткен БАРЛАУШЫЛАР», 15. «Гиззаттың ғибратты ғұмыры» Автор: Б.Бисенғалиев.

2025 жылы, денсаулығының сыр беріп жүргеніне қарамастан Маңғыстау геолог-барлаушыларының кіші отаны болып есептелетін Құрық ауылындағы «Геолог-барлаушылар саябағына» ағаш отырғызып, митинг өткізіп, жаңадан ашылған өлкетану мұражайымен танысып, кітаптар, жәдігерлер сыйлап, Қазақстан



мұнай-газ саласына еңбек сіңірген, Лениндік сыйлықтың иегері, әйгілі геолог, Ш. Есенов университетінің профессоры Токарев Валентин Петровичтің туғанына 100 жыл және Маңғыстау өлкесінің Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бозашы, Доңға, Өзен, Жетібай кен орындарын ашқан атақты геолог-барлаушы Әділ Молдашұлы Нұрмановтың туғанына 90 жыл аясында өтетін «Жер қойнауының құпиялары: Геология ғылымының жетістіктері мен келешегі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп, Ақтаудағы Ш.Есенов атындағы Каспий Университетінде Ленин сыйлығының иегері В.П.Токарев атындағы оқу аудиториясының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Енді қарасақ, сол жақсы адам туралы көңілден шығатындай жақсы сөз айта бермейді екенбіз. Оның себебі: ол – жақсы адам. Болды. Қазақтың осы бір сөзі бәрін мойнына алған сияқты. Жақсы адамның жақсылығынан гөрі, жақсы емес адамның жақсылығы тез көрінеді екен. Себебі жақсы деген оның болмысы екен де, ал жаман адамның ол – ерекшелігі болады екен.

«Ай – ортақ, күн – ортақ, жақсы – ортақ» дейді қазақ, сол айтқандай Балтабек Мұқанұлы да бәрімізге ортақ. Бір көргенде ол Атырау мұнайшыларының арасында жүрсе, тағы бірде Алматы, Астана, Қызылорда жақтағы геологтардың, мұнайшы ардагерлердің ортасынан табылатын. Қайда жүрсе де жақсылықтың жаршысындай болып игі бастамаларымен көпті артына ертіп жүруші еді. Балтабек Мұқанұлының бойында «Жақсының қасиеті - жарастыру» дегендей қасиет бар, ол әр буынның өкілдерін (студенттерді де, ардагерлерді де, іс басында жүрген билік өкілдерін де, өндіріс тізгінін ұстаған басшыларды да), еркін ойлы, ғылым адамдарын да ортақ іске жұмылдыра алатын, бәрімен де ортақ тіл таба алатын қасиетке ие еді.

Міне, осындай шынтуайтындағы қамқор, жанашыр жанның жоғарыда санамалап көрсеткен істерін, елге жасаған жақсылықтарын, бүкіл МАҢҒЫСТАУ ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫЛАРЫНА көрсеткен көмегін қалайша ұмыта алармыз.

Балтабек Мұқанұлының ісі, өмірлік қағидасы Пайғамбарымыз Мұхаммед с. ғ. с.: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиген адам» деген сөзіне дәл келіп тұрған жоқ па.

О дүниелік болған жақсылардың қатары Балтабек Мұқанұлы сынды абзал жанмен толықты. Артында қалған жарына, ұрпақтарына, тума-туысқандарына Алла сабыр бергей.

ҚОШ, БАЛТАБЕК МҰҚАНҰЛЫ...

Сіздің жарқын бейнеңіз Маңғыстау геологтарының есінде мәңгі сақталады. Артыңызда өлмейтін жарқын істеріңіз қалды, соның бірі, өзіңіз еңбек сіңіріп өмірге әкелген, Ақтау қаласының төрінен орын алған «Геолог-барлаушылар аллеясы», өзіңіз ұйымдастырып жыл сайын өткізетін дәстүрге айналған «Геолог күні» мерекесі.

«Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті» РММ басшысы Алмагүл Келбет және барша Маңғыстау геологтары Балтабек Мұқанұлы Қуандықовтың отбасына қайғыларына ортақтасып, марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп көңіл білдіреді.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ҚАРА ЖҰМЫСТЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ

Ол – көптің бірі емес. Ол – күннің көзіне күйіп, жердің табына пісіп, адал еңбектің ауыр жүгін арқалап жүрген қарапайым ғана мұнайшы. Нұрлан Оспанов – “Жетібаймұнайгаз” өндірістік басқармасына қарасты экологиялық қалдықтарды тазарту және жинау цехының 4-дәрежелі тазалаушысы. Аты аталса, әріптестері бас изеп, «ол кісі – сөздің емес, істің адамы»-дейді. Үндемей жүріп үлгі болатын еңбек иесі.

Нұрлан Түлкібайұлының балалық шағы Атыраудың топырағынан басталғанымен, тағдыр оны Маңғыстау даласына әкелді. Бұл маң – текті мұнайшылардың мекені. Тасында тарих,

топырағында тағылым бар өңір. Сол жерге орнығып, орта мектепті тәмамдаған бозбала бірден еңбек майданына араласты. Мұнайлы даланың маңдай тері мен табан ақысының қандай боларын жастайынан көріп өсті. Ержеткен соң, сол жолды өзі де таңдады.

Экологиялық қалдықтарды тазалау жұмысы – жел сөзді көтермейтін, шын бейнеттен. Қоқыс пен қалдықтан тазарту, төңіректі тәртіпке келтіру – сырт көзге білінбесе де, өндірістің тынысын ашатын тірлік. Сол тірлікті Нұрлан ағамыз ширек ғасырға жуық уақыт бойы арқалап келеді. Жоғарғы дәрежесі де жоқ емес. Ол – жас мамандардың жанына жарық түсіріп, жөн сілтеп жүрген тәлімгер. Үйде – үлгілі әке, түзде – тірегі мықты мұнайшы. Жұбайы – бала тәрбиесіне бауырын төсеген мұғалім. Үш бала өсіріп отырған берекелі шаңырақтың иесі. Қарапайымдылығы мен кісілігі қатар өрілген азамат.

Нұрлан Оспанов – тасын түртсең, тарих сөйлейтін Маңғыстаудың бүгінгі еңбек ері. Оның өмірі – жасқа үлгі, елге өнеге. Абыройын атақтан емес, маңдай терінен тауып жүрген нағыз еңбек адамы.



КЕҢ БОЛСАҢ, КЕМ БОЛМАЙСЫҢ

- Көпбалалы ана болу мың бақыттың бірі! Өмірдегі ең ғажап әлемім, бағалы байлығым – отбасым, алтын асықтай ұл-қыздарым деп білемін. Жұмыстан шаршап келгенде алдыңнан құлдыраңдап жүгіретін кенжетайым, бұл күнде алды отбасылы болса да әлі күнге дейін еркелейтін үлкендерім де жанымның шуағы. Жұмыс, өндіріс деп жүріп балаларымның қалай өскенін байқамай да қалыппын.



Қарапайым жұмысшының отбасында тәрбиеленген Рысхан Шарипова алдыңғы буын аға-апаларына қарап бой түзеп өскен. Қаладағы политехникалық техникумды бітіргеннен кейін көп ұзамай 1994 жылғы маусымнан бастап Қаламқас кен орнындағы Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехына лаборант ретінде жұмысқа орналасып, кейін Пайдалану жабдықтарын прокаттау-жөндеу цехы мен Мұнайды кешенді дайындау және айдау цехының технигі ретінде ауысады. Табаны күректтей 31 жылдық еңбек өтілі бар әріптесіміз өзінің еңбекқорлығымен, сыпайы әрі сабырлы қалпымен ұжым арасында да биік беделге ие, сыйлы.

- Жұмыстың оңайы жоқ, десек те еңбек міндеттерінің шеңберінде атқаратын қызметіңді жетік білген жақсы деп ойлаймын. Өндірістік басқарма цехтары жұмыскерлерінің

жұмыс уақытын есепке алу табелін жасау, Галактика бағдарламасымен жұмыс, бухгалтериямен тығыз байланыс, жұмыскерлердің ауысым кестесіне байланысты жұмысқа шығуын қадағалау, оларды тамақ ішуге арналған карточкалармен қамтамасыз ету инвентаризация, ай сайынғы материалдық есеп беру секілді үздіксіз жұмыстар – мұқияттылықты әрі белгілі бір білікті талап етеді,- дейді мұнайымдық Рысхан.

Мектепте орыс тілінде білім алса да, Рысханның ана тілге деген құрметі, оны балаларының бойына сіңіру ең басты қағидаттардың бірі екен. Үйде дастарқан басында ұлттық құндылықтарды сақтауды және дәріптеуді, ата-бабадан жеткен

әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ырым-тиымдарды үлгі ете жүріп, үйретуді жолға қойғандығын айтты. Отағасы Қанат та Қаражанбас қойнауынан қара алтынды игерген байырғы мұнайшы көрінеді. Алты бала тәрбиелеп отырған «Күміс алқа» иесі Рысхан Айдарханқызы бүгінде бала-ларының алды аяқтанып: қызын үкілеп ұзатып, екі келін алып, балдай тәтті немерелерін қызықтап отырғандығын, қандай жетістікке жетсе де жұбайымен бірлесе жеткендігін қуанышпен әңгімелейді.

- Рысханды нағыз жұмыскер деп айтар едім. Біреуге жаны ашып, дер кезінде қолдау көрсете білетін оның қайырымдылығын, парасаттылығы мен жұмысқа деген ұқыптылығын, шынайылық, адалдық секілді қасиеттерін бағалаймын. Соның ішінде мейірімді әрі қамқор ана екендігін ерекше басып айтқым келеді. Жалпы одан үйренеріміз көп,- дейді жанындағы әріптесі туралы ҒЗЖӨЖЦ технигі Жанна Қайранбаева.

Өндірістен басталған қажырлы еңбегінің нәтижесі болар, мұнайымдық нәзік жандының басшылық тарапынан алған бірнеше Құрмет грамотасы, Алғыс

хаттары мерейтойлық төсбелгісі де бар. Рысхан өзінің еңбек жолының қалыптасуына үлес қосқан алғашқы баулушы-жетекшілері В.Ф. Калугинге, Марьям Кабаеваға, Алмагүл Қошқароваға, күні бүгінге дейін жанынан табылатын қызметтестері: Шолпан Захановаға, Майса Тәжімханқызына, Қалиса Кисиковаға, Ләззат Нұхқызына дән риза екендігін жасырмады.

- Қазақ «Кең болсаң, кем болмайсың» дейді ғой. Мен үшін адамның бәрі бірдей.

Қатардағы жұмысшыны қара деп, басқаратын басшыны мансабына қарап бөлмеймін, құрметтеймін. Сыйластыққа жететін ештеңе жоқ. Ұжымда да, үйде де ауызбіршілік пен өзара түсіністікті ту ету - шаңырақтың беріктігін сақтаудағы басты құндылық деп білемін,- дейді байыпты кейпінен танбаған ару ана.

Еңбек ете жүріп отбасының шырайын келтіріп отырған әріптесімізге біз де өз тарапымыздан денсаулық, бақ-береке тілейміз.

**Айсұлу Мұханова
ӘҚД 1-санатты аудармашысы**



«ЖАҢА ЕСІМ» ҚАЛАМҚАСТА!



Маусымның 11 жұлдызында Ақтауға арнайы келген әуесқой әншілердің «Жаңа есім» жобасы «Қаламқасмұнайгаз» кен орнында өнер көрсетті. Жобаның бас продюсері, авторы, Алматы облысының құрметті азаматшасы, ҚР мәдениет қайраткері, өнер майталманы Қаламқас Алтынбекқызы Бексұлтанова бастаған республиканың барлық өнерпаздар тобы мұнайшы жұмыскерлерге әннен шашу шашып, көрермен көзайымы болды. Өнерпаздар арасынан Компаниямызда 35 жылдан аса жұмыс істеп келе жатқан ТСДЦ машинисі Бибігүл Қалыбаева да бой көрсетті. Өнерді

өндірістік жұмыспен қатар алып жүрген нәзік жанды мұнайымдық ару – ұжым арасында беделді де мақтан тұтатын тұлға, аяулы ана, асыл әже!

Мәдениетті іс-шараға қатысқан «Қаламқасмұнайгаз» кен орнының басшысы Мақсат Нұрғабайұлы Алматыдан келген өнер ұжымын шын жүректен құттықтап, алғыс білдірді.

«Жаңа есім» жобасының продюсері Қаламқас Алтынбекқызы кен орнында ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан бірқатар мұнайшыларға құрмет грамоталарын табыстап, жемісті еңбек тіледі.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ — ЖҮРЕКТЕН!

“Маңғыстаумұнайгаз” АҚ-на қарасты “Мұнайлы Өлке” қайырымдылық қоры мен “Қаламқасмұнайгаз” өндірістік басқармасының жас мамандары игі істің үлгісін көрсетті.

Қайырымдылық акциясы аясында “BABY KIDS” оқу-білім беру орталығына қаржылай қолдау көрсетіліп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу ақысы төленді.

Бұл балалардың қатарында аутизм, ДЦП (церебральды сал ауруы), ЗПР (психикалық дамудың тежелуі), ЗРР (сөйлеу дамуының кешігуі)

диагносттары қойылған бүлдіршіндер бар.

Бұл бастама – балалардың сапалы білім алуына, ортаға бейімделуіне және жарқын болашақ құруына жасалған үлкен қадам.

Жас мамандардың бұл игі ісі – әлеуметтік жауапкершілікті сезінудің, жанашырлықтың, қамқорлықтың жарқын үлгісі.

Қоғамдағы осындай қайырымды бастамалар көбейе берсін!

Біз бірге — мейірімді қоғам құра аламыз!



«ӨЗ НЫСАНЫҢДЫ ТАЗА ҰСТА» ЧЕЛЛЕНДЖІ ӨТТІ

«Таза Қазақстан» акциясы - ластанған аумақтарды қалдықтардан тазартуға, экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізуге және тұрғындардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған акция. Аз уақыттың ішінде экологиялық акция еліміздің түкпір-түкпірінде кең етек жайды. Бүгінде «Таза Қазақстан» акциясы еліміздің барлық аймағында жалғасын тауып, жалпыхалықтық эко-челленджге айналды.

Осы республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған «Өз нысаныңды таза ұста» челленджі 1-ші шілде күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Материалдық-техникалық жабдықтау қызметінің базасында да өтті. 50-ден астам қызметкерлер қатысқан бұл сенбілікте база аумағы қоқыстар мен арам шөптерден тазартылып, база қоймаларының қақпалары сырланды, ағаштар мен бұталар суарылды.

- «Өз нысаныңды таза ұста» челленджін өткізудегі мақсатымыз мекемеміздің тазалығын сақтау, өндірістік қауіпсіздігін көтеру және осындай жұмыстарды болашақта да жалғастыра беру – дейді Материалдық-техникалық жабдықтау қызметі жеткшісінің орынбасары Шамиль Рахимберлин.

Материалдық-техникалық жабдықтау қызметі ұжымына сәттілік тілей отырып, еліміздегі басқа да ұйымдар мен мекемелер осы челленджді жалғастырады деген сенімдеміз.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАРҚЫН ДЕМАЛЫС



“Oil Construction Company” ЖШС өз қызметкерлерінің балаларына арналған жазғы демалысты ұйымдастыруға ерекше мән беріп келеді. Биыл компания 300-ге жуық баланы еліміздің үш ірі қаласы – Астана, Алматы және Ақтаудағы балалар лагерлеріне демалысқа жіберіп жатыр. Бұл шара балалардың жазғы демалысын тек көңілді әрі пайдалы өткізуге ғана емес, сонымен бірге олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Балалар демалыс орындарында танымдық, шығармашылық сабақтар мен спорттық жарыстарға белсенді қатысып жатыр. Топтық жұмыс пен



көшбасшылық қабілеттерін дамытатын түрлі үйірмелерде өздерін жаңа қырларынан танытуда. Сонымен қатар табиғат аясында экскурсияларға шығып, қоршаған орта туралы ақпараттарды білуге мүмкіндік алған.

“Бұл демалыс біздің балаларымызға үлкен қуаныш сыйлады. Олар жаңа ортада өздерін еркін сезініп, көп нәрсені үйреніп келді. Осындай ұйымдастырылған демалыс үшін “Oil Construction Company” ЖШС-ға алғысымыз шексіз,” – деді компания қызметкері Зәмзәгүл Наурызова.



Жалпы демалыс балалардың жаңа достар тауып, өзара қарым-қатынас құруларына септігін тигізеді. Ашық-жарқын араласу, өздері қатарлы балалармен байланыс орнату сенімділіктерін арттырады. Ұмытылмас әсермен оқу жылында жақсы үлгерім көрсетулеріне, денсаулықтары мен шығармашылық қабілеттерін шыңдауға да ықпал етері сөзсіз.

Компания алдағы уақытта да осындай әлеуметтік жобаларды қолдап, қызметкерлердің отбасына қамқорлық жасауды жалғастыра бермек.

Индира Сәтенбай
“Oil Construction Company” ЖШС

ҚАЙНАЙ-ҚАЙНАЙ ҚАЙРАЛДЫҚ – ФИНАЛДАМЫЗ!

Ақтауда өткен қазақша Quiz іріктеу кезеңі өз мәресіне жетті: «Мұнайтелеком» ЖШС жас мамандарынан құралған «159-литр» командасы финал жолдамасын жеңіп алды.

Қазақ тілінде ойлау мен білімді ұштастырған зияткерлік ойын — Қазақша Quiz жобасы елімізде үлкен қолдау тауып, жастар арасында кеңінен танылып келеді. Республикалық чемпионаттың басты мақсаты — қазақ тілінің мәртебесін арттырумен қатар, жастардың ой-өрісін дамыту, топпен жұмыс істеу, тез шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Іріктеу кезеңіне 20 команда қатысып, білім мен тапқырлыққа өзара сынға түсті.

Сайыс бірнеше турға бөлініп, қатысушыларға қазақ тілі, тарих, логика, әдебиет, мәдениет және заманауи тақырыптар бойынша күрделі де қызықты сұрақтар қойылды. Әр түр қатысушылардың жылдам ойлауын, бір-бірімен тиімді байланыс орната білуін және білімін жан-жақты қолдана алу қабілетін сынады. Командалар арасында ерекше бәсеке байқалып, жарыс қыза түсті. Қатысушылардың әрқайсысы жеңіске жетуге ынталы болып, өз өңірінің абыройын қорғауға тырысты.

Тартысты өткен сайыстың нәтижесінде «Мұнайтелеком» ЖШС-нің жас мамандарынан құралған «159-литр» командасы озық шықты. Бұл команда құрамында түрлі салаларда еңбек етіп жүрген жас мамандар бар. Олар өздерінің білім деңгейін, бірлік пен ұйымшылдықты жоғары дәрежеде көрсетті. Команда 5 турдың үшеуінде үздік нәтижеге қол жеткізіп, жалпы есепте көшбасшылардың қатарынан көрінді.

Осындай жоғары нәтиже арқасында «Мұнайтелеком» ЖШС-нің «159-литр» командасы Астана қаласында өтетін Республикалық финалдық ойынға жолдама алды. Бұл – үлкен жетістік әрі жауапкершілік. Себебі ендігі кезеңде еліміздің әр өңірінен келген үздік командалармен бақ сынау керек болады. Финал — білім мен парасаттың, тапқырлық пен стратегияның шынайы бәсекесі болары анық.

“Мұнайтелеком” мекемесінің жас мамандарынан құралған «159-литр» командасын шын жүректен



құттықтаймыз! Финалдық кезеңде сәттілік серік болып, Астанада өтетін шешуші ойындарда өңір намысын лайықты қорғайды деп сенеміз.

«Мұнайтелеком» ЖШС



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

- ▶ **«Өмірлік маңызды қағидалар» - бұл жазатайым оқиғалар мен өндірістік тәуекелдердің алдын алудың қарапайым, түсінікті және сенімді әдісі.**
- ▶ **Бұл қағидаларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлері сақтауға міндетті. «Өмірлік маңызды қағидаларды» ұстану - адам өмірін сақтаудың ең маңызды тәсілі.**
- ▶ **Біздің жұмысшыларымыз, басшылығымыз, қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары, сондай-ақ мердігерлеріміз бұл мәселеде жауапкершілікті көрсетеді және осы қағидаларды сақтайды деп сенеміз.**
- ▶ **Жұмысшылардың қауіпсіздігі әрқашан біздің маңызды басымдықтарымыздың бірі болып қала береді.**

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның саясаты келесідей қағидаларды көздейді:



ҚАУІПТІ АЙМАҚТЫ АЙНАЛЫП ӨТУ



ЖАБЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ



КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ



ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ



ОТ ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРЫ



ҚАУІПТІ АЙМАҚ



ЖҮК КӨТЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТЫ ЖҮРГІЗУГЕ РҰҚСАТ-ШАҚТАМА



БИІКТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ

«Өмірлік маңызды қағидалар» бойынша толық ақпарат алу үшін ұялы телефон арқылы QR-code бойынша өтіңіз



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Жылдағы дәстүр бойынша маусымның әр үшінші жексенбісінде Қазақстандағы медицина саласының жұмыскерлері өздерінің кәсіби мерекесін атап өтеді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы «Neiron-med» ЖШС ұжымын мерекемен құттықтады.



Бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Отаров баға жетпес және қажырлы еңбектері үшін дәрігерлерге деген жылы лебізін білдіріп, бар жақсылықты тілеп, Қоғам Басқармасының атынан алғыс хат табыс етті.

Медицина жұмыскерлері атқаратын жұмыстан асқан жауапты жұмыс жоқ шығар. Денсаулыққа байланысты ең қиын сәттерде дәрігерлер адамдарға

бірінші болып көмекке келеді, кейде мүмкін емес нәрсені жасайды, жанашырлық пен тектілік, жауапкершілік пен жоғары кәсібилік көрсетеді.

Атаулы мерекеде «Neiron-med» ЖШС жұмыскерлеріне зор денсаулық пен отбасыларына амандық тілейміз!

Бейбітшілік пен ынтымақ, молшылық пен жақсылық болғай!

ПЛАСТИКАЛЫҚ ЫДЫСТЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНДАҒЫ ӘСЕРІ

Қазіргі заманда пластикалық ыдыс — әр үйдің асханасынан табылатын қарапайым дүние. Ыңғайлы, арзан, сынбайды. Бірақ дәл осы қарапайымдылықтың ар жағында денсаулыққа төнетін үлкен қауіп жатқанын көбіміз біле бермейміз. Бүгін сіз күнде қолданатын пластик ыдыс туралы шындықты біліп, ойланып көріңіз: сіз неге өз қолыңызбен өз ағзаңызды улап жүрсіз?

1. Пластик — жай ғана ыдыс емес, химиялық қару

Пластикалық бөтелкелер мен контейнерлердің құрамында бисфенол-А (BPA) және фталаттар деген улы заттар бар. Бұл заттар жылуға түскенде (мысалы, ыстық шай, сорпа, микро-толқынды пештегі тағам) тағамға немесе суға өтеді. Ал сіз оны ішіп-жеп, ағзаңызға сіңіріп жатасыз. Бұл — жай ғана қорқыныш емес, нақты ғылым дәлелдеген факт!

Пластиктің әсерінен:

- Әйелдер мен еркектердің гормондық балансы бұзылады.
- Әйелдерде бедеулік, ерлерде белсіздік қаупі артады.
- Балалардың дамуы тежеледі.
- Қант диабеті, семіздік, қатерлі ісікке шалдығу ықтималдығы еселенеді.

2. Микропластик — көрінбейтін жау

Ғалымдар дәлелдеді: біз күн сайын микропластик жұтамыз. Иә, сіз қателеспедіңіз — ауыз суыңызда, пластиктен ішілген кофеңізде, тіпті балға дейін микропластиктер бар.

Бұл ұсақ бөлшектер ішекке түсіп, ағзаның қабыну процестерін туындатады, бауыр мен бүйректі шаршатады, иммунитетті әлсіретеді. Қазірдің өзінде адамның ішкі ағзасынан микропластик табылғанын білдіңіз бе?

3. Балаларыңыздың болашағын улап жатырсыз

Балалар пластиктен улануға өте бейім. Олардың иммунитеті әлсіз, денесі кішкентай — сондықтан пластиктегі улы әсері оларда тез байқалады. Сіз балаңызға түскі асын ыстық күйінде пластик қорапқа салып бердіңіз бе? Сіз оның болашақ денсаулығын өзіңіз-ақ құртып жатырсыз. Бұл — асыра сілтеу

емес, ащы шындық.

■ Пластик адам ағзасына қалай өтетіндігі туралы айта кетейік:

1. Тағам және су арқылы

Пластикалық бөтелкелер мен ыдыстардан бөлінетін бисфенол-А (BPA) мен фталаттар тағам мен суға оңай өтеді.

Факт: — 2020 жылы Гарвард университетінің зерттеуі: ыстық су құйылған пластик бөтелкеден BPA бөлінуі 55 есе көбейеді.

— 2018 жылы зерттеушілер 9 елдегі 259 бөтелкедегі ауыз суды тексерген. 93% бөтелкеде микропластик болған (Orb Media зерттеуі).

2. Ауа арқылы

Пластик ыдыстар тозған сайын ұсақ бөлшектерге айналып, ауаға таралады. Осы бөлшектерді адам тыныс алу арқылы жұтады.

Факт: — Лондондағы Корольдік университеттің дерегі бойынша, адам бір жылда 90 000-ға дейін микропластик бөлшек жұтуы мүмкін.

3. Косметика мен гигиена құралдары арқылы

Скраб, тіс пастасы, душқа арналған гель секілді өнімдерде микропластиктер болады. Олар теріге және ауыз арқылы ағзаға енеді.

Факт: — Бір құты скрабтың құрамында 100 000-ға дейін микропластик бөлшегі болуы мүмкін.

4. Аспаздық құралдар арқылы

Пластик қасықпен ыстық тағамды араластырғанда немесе пластик шөмішпен тамақ қайнатқанда — микропластиктер еріп, тамаққа өтеді.

Факт: — Түркиядағы 2022 жылғы зерттеу: қайнап тұрған сорпаға пластик

қасық салғанда 3-5 мг микропластик бөлінеді.

■ Қазірден бастап не істеу керек?

— Пластик ыдысты ыстыққа қолданбаңыз.

— Тек "PP" белгісі бар (5 саны)

қауіпсіз пластикті ғана пайдаланыңыз.

— Шыны, тот баспайтын болат,

керамикалық ыдысқа көшіңіз.

— Бір реттік пластик бөтелкелерді қайта қолданбаңыз.

— Микротолқынды пешке пластик ыдыс салмаңыз.

— Пластикалық ыдыстың түбіндегі таңбалауға (мысалы, 1–7 аралығындағы сандар) назар аударыңыз:

Сан - Түрі - Қауіпсіздік деңгейі

1. (PET) - Бір реттік бөтелкелер - Тек бір рет қолдануға болады

2. (HDPE) - Сүт, су бөтелкелері - Қауіпсіз

3. (PVC) - Қауіпті, фталаттар болуы мүмкін

4. (LDPE) - Қауіпсіз, бірақ ыстыққа төзімсіз

5. (PP) - Тамаққа арналған контейнерлер - Ең қауіпсіздердің бірі

6. (PS) - Пенопласт, ыстыққа төзімсіз

7. (Other) - BPA болуы мүмкін, абай болу керек

— Ыстық тағамды немесе сұйықтықты пластик ыдысқа құймаңыз.

— Микротолқынды пешке пластик ыдысты салмаңыз (егер арнайы белгісі болмаса).

— Қайта өңдеуге жарамды, стеклянный (шыны), тот баспайтын болаттан жасалған немесе керамикалық ыдыстарды пайдалануға тырысыңыз.

■ Шыны — мәдiрлiк пен мәңгiлiк белгiсi

Шыны ыдыс — бұл тек құрал емес, бұл — мәдениет. Ол тағамның дәмін өзгертпейді, иісін бұзбайды, зиянды бөлшек таратпайды. Шыны — табиғаттың өзінен туғандай таза, мөлдір, ал бұзылса да — қайта өмірге келетін зат.



■ Биологиялық ыдыстар — топыраққа қайта оралған тыныс

Жүгері крахмалы, қант қамысы, картоп негізіндегі ыдыстар — бұл болашақтың белгісі. Олар пайдаланылған соң шіриді, ериді, қайтадан топыраққа сіңеді. Бұл — өмір шеңберінің толық бір айналымы. Адам табиғаттан алып, қайтадан табиғатқа қайтарады.

■ Ағаш пен бамбук — табиғаттың тынысын сыйлаған ыдыс

Жылы сезім беретін ағаш пен әсем өрнекпен безендірілген бамбук ыдыстары — күнделікті өмірімізге рухани жылулық әкеледі. Олардан тамақ ішу — бұл ішкі тыныштық пен Жер-анамен үндестікті сезіну.

■ Металл — беріктік пен сенімділік нышаны

Бүгінде қайта оралған көне дәстүр — металл ыдыстар. Олар сынбайды, уландырмайды, ондаған жылдар бойы қызмет етеді. Бұл — тұрақтылықты қалайтындар үшін жасалған таңдаулардың бірі.

■ Бір ыдыс — бір таңдау. Ал таңдау — болашақ.

Біз қандай ыдыспен өмір сүрсек — сондай болашақты таңдаймыз. Егер балама жолды іздесек, табиғат бізге есік ашады. Жер-анаға шексіз рахмет айтудың бір жолы — жасыл өмірді таңдау, зиянсыз ыдысты қолдану.

Пластик — уақытша.

Ал табиғи баламалар — мәңгілік мәдениет.

Анар Самешова
«Neiron-Med» ЖШС филиалының
реабилитолог дәрігері


МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ ҚЫЗҒАН ШАҚ

Мұнайшы балалары демалып жатқан лагерьлерден фоторепортаж

Жаз – өмірдің ең еркін, ең көңілді тарауы. Әсіресе бала үшін.

Биыл да мұнайшы балалары елдің екі өңіріндегі көрікті лагерьлерде демалуда. Ән мен би, достармен өткен қызықты шақ – бәрі де балалықтың алтын беттеріне жазылып жатыр. Әр кадрда – баланың бейқам күлкісі, күн нұрындай тап-таза пейілі, ертеңге деген сенімі бар.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
 Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
 Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин
 - Л. Жолдыбаева
 Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130000, Ақтау қаласы
 6 ш.а., № 1 үй,
 тел:
 212-035, 211-861
 211-885, 212-194
 Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 куәлігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы
 автор пікірі редакцияның
 көзқарасын білдірмейді
 ➤ Редакция оқырман хаттарына
 жауап бермейді және оны
 қайтармайды
 ➤ Жарияланған материалдарды
 сілтемесіз көшіріп басуға
 болмайды

Газет АҚ-ның
 жұртшылықпен
 байланыс тобы
 ның компьюте-
 рінде теріліп,
 беттелді.
 Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
 баспаханасында
 басылды.
 Ақтау қаласы,
 «Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
 1 үй, 3 кеңсе
 тел: 8(7292)525 500